

Химия, биология, география пәндері апталығының өтілген іс-шара жоспары жұмысының анықтамасы

2021-2022 оқу жылы.

2022 жылдың 14-18 ақпан аралығында «Жаратылыс ғажайыптар әлемінде» атты биология, химия және география пәндерінің апталығы өткізілді.

Апталықтың мақсаты – оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

Алдын ала апталықтың жоспары ӘБ отырысында қарастырылып, директордың бұйрығымен жоспар бекітілді. Дүйсенбі 14 ақпан апталықтың ашылу салтанатын өткіздік. Жоспарға сай оқушылармен әр түрлі интеллектуалды ойындар өткізілді, стенд жасалынды. Химия пәні мұғалімі Оспанова Г.К мен Исмагзанова М.М қызықты тәжірибелер көрсетті. Апталықтың болатыны туралы ӘБ жетекшісі Бейсенова А.И жоспармен таныстырып өтті. Құрылған жоспар бойынша барлық сыныптар қамтылып, пән мұғалімдері бір ашық сабақ пен сыныптан тыс іс-шара өткізді.



14.02.2022 жылы биология пәні мұғалімі Абай А.А «Жануарлардың қозғалыс мүшелері» тақырыбында 7 «А» сыныбымен ашық сабақ өткізді. Ашық сабағында түрлі жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушылармен топтық жұмыстар жүргізді. Оқушылар сабаққа жақсы, қызығушылықпен қатысып дайындалғандарын көрсетті.



14.02.2022 жылы биология пәндерінің мұғалімі Абаева Д.А мен Уразова А.Н «Дода» атты интеллектуалды сайысты 9 «А,Б,В» сынып оқушыларымен сыныптан тыс іс шара түрінде өткізді. Интербелсенді тақтадан презентация мен видеокөрсетілім көрсетілді. Іс-шара 3, кезеңнен тұрды. Оқушылардың білімдерін тексеру үшін түрлі тапсырмалар орындалды. Сыныптар өз білімдерін жан-жақты көрсете алды. Сайыс соңында жеңімпаз анықталып, марапатталды. Іс-шараның нәтижесінде 9 «В» сыныбы - 1 орын, 9 «Б» сыныбы – 2 орын, 9 «А» сыныбы – 3 орынға ие болды. Сабақтың барлық бөлімдері бір-бірімен тығыз байланыста болды, өз ретімен ауысып отырды.



15.02.2022 жылы биология пәні мұғалімі Абаева Д.А 11 «В» сыныппен «Рекомбинантная дезоксирибонуклеиновая кислота. Способы получения. Применение» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында Абаева

Д.Аоқушылардың білімдерін тексеру үшін әр түрлі тапсырмалар орындатты. Сыныптар өз білімдерін жан-жақты көрсете алды және өте белсенді қатысты.



15.02.2022 жылы химия пәні мұғалімі Исмагзанова М.М «Ковалентная связь» тақырыбында 8 «Ж» сыныбымен ашық сабақ өткізді. Ашық сабақ қазіргі заман талабына сай, жаңа технологияларды пайдалану арқылы өткізді. Сабақ үстінде әр түрлі жаңа әдіс-тәсілдер, оқушылармен топтық жұмыс, жеке жұмыс, сонымен өз іс-әрекетін бағалау тәсілдері қолданылды. Мұғалім өз мақсатына жете алды.



16.02.2022 жылы биология пәні мұғалімі Бейсенова А.И «Организмдерді клондау тәсілі. Микрокналды көбею ұғымы» тақырыбында 11 «А» сыныбымен ашық сабақ өткізді. Сабақта мұғалім АКТ құралдарын тиімді пайдаланды. Сабақта оқушылар топпен жұмыс жасап жұмыстарын өзара бағалады. Сабақ соңында өсімдіктерді клондау бойынша оқушылар практикалық жұмыстар жасады. Мұғалім сабағына қойған мақсатына жетті.



16.02.2022 жылы география пәні мұғалімі Кыркаева Г.А11 «В» сыныбымен «SWOT анализ потенцияла развития региона» тақырыбында брифинг-сабақты дебаттың элементтерін қолдана отырып өткізді.



02.2022 жылы химия пәні мұғалімі Оспанова Г.К11 «Б» сыныбымен «Аммиактың қасиеттері мен өнеркәсіпте алу жолы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың типі аралас, негізгі 3 кезеңнен тұрды, негізгі кезең ретінде сабақтың тақырыбы ашылуы болды; осы кезеңде балалар Габер процесінің циклін оқып шығып, видеоны көріп, топта талқылады.

Сабақ барысында топтық, жұптық және жеке жұмыстары жүргізілді.

Мақсатқа жету үшін, әр түрлі деңгейлі тапсырмаларды қолданды, мысалы, постер құру, аммиак молекуласының моделін жасау, аммиактың химиялық қасиеттеріне сай реакция теңдеулерін құрастыру, графикалық диктант, айналымдарды жүзеге асыратын реакция теңдеулерін жазу, күрделі есептер шығару болды.



17.02.2022 жылы биология пәні мұғалімі Уразова А.Н 9 «Б» сыныбымен «Жыныс генетикасы. Гемофилия және дальтонизм» тақырыбына ашық сабақ өткізді. Жаңартылған білім беру мазмұнын ескере отырып бұл сыныпта сабақты жақсы көңіл-күймен бастап, сабақтың мақсаты анықталып, жұппен, топпен, жеке жұмыс тапсырмалары орындалды. Сабақ барысында қолданылған әдіс – тәсілдер: «Ақылды доп әдісі», «Пазл әдісі». Топтық, жұптық есептер, жеке тапсырмалар орындалды және әр тапсырмадан кейін мадақтау, смайликтер арқылы оқушы бағаланды, сабақ соңында кері байланыс жасалып үй жұмысы берілді, оқушы өзін-өзі бағалау парағы толтырылды.



17.02.2022 жылы биология пәні мұғалімі Тауфих Е 10 «Б» сыныбымен «Жүзден жүйрік» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс өткізді. Тауфих Е өз сабағында түрлі әдіс-тәсілдер пайдалана отырып, оқушыларға толыққанды жаңа тақырыпты түсіндіре алды. Сабақ өз деңгейіне сай өтті, мұғалім өз мақсатына жетті. Оқушылар биология пәнінен білімдерін көрсетіп, белсенді қатысты.



17.02.2022 жылы география пәні мұғалімі Қайныкен А.К 9 «А» сыныбымен «Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Жаңартылған білім беру мазмұнын ескере отырып бұл сыныпта сабақты жақсы көңіл-күймен бастап, сабақтың мақсаты анықталып, жұппен, топпен, жеке жұмыстары тапсырмалары орындалды. Сабақ барысында «Попс әдісі», «Ойлан,жұптас,бөліс әдісі». Топтық,жұптық,жеке тапсырмалар орындалды және әр тапсырмадан кейін мадақтау, смайликтер арқылы оқушы бағаланды, сабақ соңында кері байланыс жасалып үй жұмысы берілді, оқушы өзін-өзі бағалау парағы толтырылды.География пәндерінен оқушылар өз білімдерін көрсете алып, белсенді жұмыс атқарды. Мұғалім сабаққа қойылған мақсатына жетті.



17.02.2022 жылы химия пәні мұғалімі Джакупова А.С 7 «В» сыныппен «Периодтық жүйенің құрылымы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ жоспарында сабақтың барлық кезеңдері қамтылды. Сабақтың мақсатына жету үшін оқушыларды 4 топқа бөліп отырғызды. Миға шабуыл әдісі арқылы сабақтың тақырыбын ашу үшін атом құрылысы суретін көрсетті. Оқушылар сабақтың тақырыбын және оқу мақсатын мұғаліммен бірге анықтады. Содан кейін оқушылар периодтық жүйенің құрылымы туралы видеороликті тамашалады. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін тәжірибе көрсетті. Периодтық жүйедегі элементті сипаттай алу үшін "Резюме" тапсырмасын орындады. Топтық жұмыс орындау арқылы оқушылар химиялық элементтердің табиғи ұяластарын бөліп қарастырды. Топта кластер жасап, периодтық жүйедегі орнын сипаттап берді. Топтар бір-бірін "Бас бармақ", ""Бес саусақ", "Бағдаршам", "Екі жұлдыз, бір тілек" әдістерімен бағалады. Оқушылар сабаққа белсенді ат салысты.Тапсырмалар сабақ мақсатына сай таңдалынған, оқушылардың өз ойларын жүйелі қорытып айтуға ұйымдастыра білді.



17.02.2022 жылы химия пәні мұғалімі Оспанова Г.К 10 «Б» сынып оқушыларымен «Химиялық өмір тынысы» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізді. Сайыс сабақтың мақсаты: оқушылардың химия пәнінен алған білімдерін толықтырып, оны іс жүзіне шығармашылықпен қолдану дағдысын меңгерту; Іс-шара интеллектуалды сайыс түрінде өткізілді. Ойын бес кезеңдерден тұрды: Іс-шараның нәтижесінде 1 орын – «Мегахорош», 2 орын – «Суперхорош» және 3 орынға – «Тоқсан бір» командалары ие болды. Жалпы айтқанда, іс-шараның мақсатына жете алдым. Оқушылар ойынға белсене қатысып отырды. Көрермендер ретінде қалған оқушылар да сұрақтарға жауап бере алды. Сабақтың барлық бөлімдері бір-бірімен тығыз байланыста болды, өз ретімен ауысып отырды. Өткізілген іс-шара жақсы деңгейде өткізілді.



18.02.2022 ж химия пәні мұғалімі Исмагзанова М.М 9 «Ж» сыныбында «Своя игра» тақырыбына сыныптан тыс іс-шара өткізді. Іс-шара ойын түрінде өтті. Қазіргі заман талабына сай, жаңа технологияларды пайдалану арқылы өткізді. Оқушылар белсенді қатысты.



18.02.2022 ж биология пәні мұғалімі Абай А.А «Биология әлеміне саяхат» атты сыныптан тыс жұмыс өткізді. Сайыс турлары атап өтілді. Сайыс 5 кезеңнен құралды.

I. «Кім жылдам»

II. «Адаққан әріптер»

III. «Ойлы болсаң - озып көр» қызықты сұрақтар

IV. Өсімдіктерге байланысты метафорлық теңеулер»

V. «Ребусты шеш»

Бірінші кезеңде кім жылдам әдісі бойынша оқушыларға барлық топтарға ортақ сұрақтар қойылды әр дұрыс жауап берген топқа 5 ұпайдан берілді. Сайыс кезінде топтар жұмыс жасап жатқан уақытты көрермендерге де логикалық сұрақтар және жұмбақтар жасырылды. Барлық оқушылар белсенді қатысып өз білімдерін көрсетті. Сайыс соңында әділ қазылар алқасы әр топтың ұпай сандарын есептеп, жеңімпаз топты анықтады. Жеңімпаз топтар марапатталды. Барлық сайысқа қатысқан топтарға алғыс айтылды.



18.02.2022 ж биология пәні мұғалімі Тауфих Е 8 «В» сыныппен «Көру мүшесінің құрылысы мен қызметі, гигиенасы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақты нақыл сөзбен, мақал-мәтелдің мағынасын ашумен бастады. Топтық, жеке жұмыс арқылы дұрыс-бұрыс, сәйкестендіру тест тапсырмалар орындады.



«Жаратылыс ғажайыптар әлемінде» атты онкүндігінің қорытынды кеші жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, өткізілді. Онкүндікте жоспарланған іс-шараларға белсенділік танытып, қатысқан оқушылар мадақтамалармен мадақталды. Қорыта айтқанда, онкүндіктің бекітілген жұмыс жоспарындағы барлық іс-шаралар мен сабақтар мазмұнды, мағыналы, сапалы өтті.

Ұсыныс:

1. Жас мамандар тәжірибелі мұғалімдердің сабағына қатысып, тәжірибе алмассын.
2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру.
3. Үлгерімі төмен оқушыларға жеңілдетілген жеке тапсырмалар үлестіру.
4. Жана әдіс тәсілдерді, сараланған тапсырмаларды, заманауи сабақтар өткізу.
5. Формативті бағалау, кері байланыс түрлерін жандандыру

Дайындаған ӘБ жетекшісі: Бейсенова А.ИҚолы:

